

Ғылыми мақала

GTAMP 19.41.41

<https://doi.org/10.55956/BYKH3067>

С.А. Есемуратова 

Филология ғылымдары бойынша философия докторы (PhD)
Бердах атындағы Қарақалпақ мемлекеттік университеті
Қарақалпақстан
e_saxibjamal@karsu.uz

ЗАМАНАУИ МЕДИА АЛАҢЫНДА КӘСІБИ ЖӘНЕ АЗАМАТТЫҚ ЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ САЛЫСТЫРМА СИПАТТАМАСЫ

Аңдатпа: Бұл мақалада кәсіби журналистика мен азаматтық журналистиканың ұқсастықтары мен ерекшеліктері теориялық және функционалдық тұрғыдан зерттелді. Зерттеудің мақсаты – осы екі журналистика түрінің теориялық және практикалық қырларын салыстырмалы түрде талдау. Кәсіби журналистика ақпаратты тексеру, фактчекинг, редакторлау, этикалық және құқықтық нормаларға сүйеніп, қоғамға сенімді хабар жеткізумен сипатталады. Азаматтық журналистика жеделдігі, оқиға орнынан тез ақпарат тарату мүмкіндігі және географиялық иектеудің жоқтығымен ерекшеленеді. Сонымен қатар, ол әлеуметтік желілер арқылы кең аудиторияға жетеді. Әлеуметтік желілер мен цифрлық технологиялардың дамуы осы екі бағыттың өзара байланысын күшейтіп, жаңа медиа кеңістікті қалыптастырды. Қорытындыда кәсіби және азаматтық журналистиканың интеграциясы қазіргі медиа жүйесінің дамуы үшін маңызды фактор екені негізделді.

Тірек сөздер: кәсіби журналистика, азаматтық журналистика, бұқаралық ақпарат құралдары, фактчекинг, әлеуметтік желілер, цифрлық технологиялар, демократия.

Соңғы 20 жылда интернет пен әлеуметтік желілердің кең таралуы нәтижесінде медиа ортада үлкен өзгерістер орын алуда. Нәтижесінде ғасырлар бойы қалыптасып, дамып келе жатқан кәсіби журналистика қатарына азаматтық журналистика ұғымы қосылды. Бұл ақпарат кеңістігінде маңызды болған осы екі ұғымның бір-бірінен айырмашылығы мен ұқсастықтарын салыстырмалы түрде зерттеу қажеттілігін туындатты.

Осы күнге дейін дәстүрлі журналистика түрлері негізгі ақпарат тарату құралдары ретінде әртүрлі форматтарда (газет - мәтін, радио - дауыс, телевидение - көрініс) ақпаратты аудиторияға жеткізіп келсе, азаматтық журналистика ұғымымен медиа ортада жаңа ақпарат арналары

пайда болды. Цифрлық технологиялардың, сондай-ақ әлеуметтік желілердің мүмкіндіктері ақпарат беру жылдамдығына өз әсерін тигізіп, әрбір адамның ақпарат таратушыға айналуына мүмкіндік туғызды.

Кәсіби журналистика қоғамды сенімді және объективті ақпаратпен қамтамасыз ететін негізгі маңызды ақпараттық арна болып табылады. Институттың бұл түрін арнайы кәсіби дайындығы бар журналистер редакциялық стандарттар мен этикалық және құқықтық нормалар негізінде жүзеге асырады. Филология ғылымдарының докторы, профессор Ф.Муминовтың пікірінше, кәсіби журналистика бұқаралық коммуникацияның маңызды әлеуметтік

институттарының бірі болып табыла [1].

Осы тұрғыдан алғанда, кәсіби журналистика сапалы ақпарат жеткізуде, сондай-ақ қоғамдық пікірді қалыптастыруда маңызды медиа тетік ретінде көрінеді. Демек, кәсіби журналистика – бұл арнайы дайындығы бар журналистердің редакторлық қабілеті мен этикалық нормалар негізінде жүзеге асырылатын ақпаратпен жұмыс істейтін қызмет, кәсіп түрі болып табылады.

Кәсіби журналистика қоғамда ақпарат алмасу, қоғамдық пікір қалыптастыру және қоғамдық бақылау функцияларын атқарады. Әсіресе, саяси, экономикалық және әлеуметтік үдерістерді көрсетуде кәсіби журналистика мемлекет пен қоғам арасындағы коммуникациялық көпір қызметін атқарады. Сондықтан оның міндеті қоғамдағы ақпараттық қауіпсіздік пен демократиялық процестермен тікелей байланысты болып саналады.

Кәсіби журналистика қызметі белгіленген этикалық стандарттар негізінде жүзеге асырылады. Атап айтқанда, объективтілік, ақпаратты тексеру және аудитория алдындағы жауапкершілік негізгі этикалық нормалар болып табылады. Бұл нормалар журналистік материалдың шынайылығын қамтамасыз етумен қатар, бұқаралық ақпарат құралдарының әлеуметтік жауапкершілігін де белгілейді.

Сондай-ақ, кәсіби журналистикада ақпараттар редакциялау негізінде дайындалады. Редакция журналистік материалдың мазмұнын, стилін және фактілердің анықтығын және заңды дұрыстығын тексереді. Бұл өз кезегінде дұрыс емес және манипуляцияланған ақпараттың таралуының алдын алады және БАҚ-тың сенімділік деңгейін арттырады.

Кәсіби журналистиканың тағы бір ерекшелігін оның объективтілік принципімен байланыстыруға болады. Бұл принцип болған оқиғаны әртүрлі көзқарас тұрғысынан бейнелеуді, сондай-ақ субъективті көзқарастан аулақ болуды қамтамасыз етеді. Нәтижесінде, объективтілік қағидаты аудиторияның БАҚ-қа деген сенімін одан әрі нығайтатын факторлардың бірі болып саналады.

Заманауи кәсіби журналистикада фактчекинг тетігі айрықша маңызға ие болып келеді. Фактчекинг ақпарат көздері мен мәліметтердің дұрыстығын тексеру процесін білдіреді. Әсіресе, цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект дамыған бүгінгі таңда ақпараттың дұрыстығын тексеру қажеттілігі одан сайын күшейіп келеді.

Демек, кәсіби журналистика этикалық және құқықтық нормалар негізінде әрекет ететін, редакторлық стандарттар негізінде жұмыс істейтін әлеуметтік институт болып табылады. Бұл ерекшеліктер оны азаматтық журналистикадан ажырататын негізгі факторлардың бірі болып саналады.

Кәсіби журналистиканың теориялық және функционалдық талдауларынан кейін азаматтық журналистиканы заманауи цифрлық коммуникация жүйесінде қалыптасып келе жатқан жаңа феномен ретінде қарастырып, оның функционалдық ерекшеліктері мен медиа ортадағы орнын ғылыми тұрғыдан көрсетеміз.

Соңғы онжылдықта азаматтық журналистика да жаңа мамандық ретінде қалыптасып келе жатқанын ғалымдар өздерінің ғылыми еңбектерінде атап өтуде. Е.Н.Иванова [2], Н.Муродова [3] өз диссертацияларында азаматтық журналистика мен блогерлікті кәсіби мамандық ретінде қалыптастырып үлгергендігін дәлелдеуге тырысуда.

Азаматтық журналистика – бұл қарапайым азаматтардың ақпарат тарату процесіне белсенді қатысуы. Ж. Розеннің пікірінше, «Азаматтық журналистика – қоғамдық процестерде құрбан болып немесе көрермен болып тұрғаннан гөрі, оған әлеуетті қатысу, саясат пен оның проблемаларын зерттеп қана қоймай, оған көмектесу, ... әлеуметтік оқиғалар туралы тек шындықты айту» болып табылады [4]. Бұл процесс азаматтарға демократиялық қоғамға белсенді қатысып, өз ойларын кең аудиторияға ашық және тікелей жеткізу мүмкіндігін туғызады. Бұл процесс негізінен интернет сайттары, блогтар және әлеуметтік желілер арқылы жүзеге асырылады.

Ғалымдардың берген анықтамасы бойынша, «Азаматтық журналистер – белгілі бір БАҚ-та жұмыс істемейтін, жеке өзі немесе топ атынан жаңалықтарды хабарлайтын және талдайтын, бірақ редакция саясатының ресми міндеттеріне қатысы жоқ жеке агент ретінде әрекет ететін интернет-журналистер» [5].

Азаматтық журналистиканың пайда болуына негізгі себеп ретінде техникалық даму сондай-ақ, азаматтардың ақпарат жинау, талдау және тарату үдерісіне қатысуға қызығушылығының артуын көрсетуге болады.

C.C.Radsch жаңа ақпарат арналарының пайда болуына келесі себептерді келтіреді: «Үстемдік етуші медиа институттарының функцияларына кірмейтін ақпаратты жинау мен жеткізудің баламалы, белсенді формасы болып, көбінесе ұқсас журналистика тәжірибесін пайдалана отырып, бірақ, әртүрлі мақсаттар мен идеялардан туындайтын және дәстүрлі немесе қарапайым журналистикаға қарағанда балама заңды дереккөздерге негізделетін кәсіби журналистика саласындағы

кемшіліктерге жауап ретінде пайда болды» [6].

Азаматтық журналистиканың медиа ортадағы маңыздылығының артуын онда географиялық шекаралардың болмауымен байланыстыруға болады. Мысалы, 2001 жылдың 11 сентябріндегі АҚШ-тағы егіз ғимараттарға ұшақтардың соғылуы қарапайым азаматтар тарапынан видеоға түсіріліп, әлеуметтік желілерде жарияланды [7]. Журналистер бұл видеоларды өздерінің журналистік материалдарында пайдаланып, ресми БАҚ-та жариялауға мәжбүр болды. Бұдан кейін 2009 жылы Челябин облысының Калачево ауылындағы ұшақ апаты [8], 2010 жылдың 2 январында Гаитидегі жер сілкінісі [9] сияқты оқиғаларда да ресми БАҚ географиялық шекараларды кесіп өту мүмкіндігінің болмауын, сондай-ақ алдын ала жоспарланбаған оқиғаларды жариялауда оқиға орнына жылдам жету мүмкіндігінің болмауын негіздейді.

Жоғарыда келтірілген практикалық мысалдар азаматтық журналистиканың маңызының одан әрі артуына себеп болып, азаматтық журналистиканың кәсіби журналистикаға қарағанда ақпаратты жедел түрде жеткізетінін көрсетеді.

Азаматтық журналистика демократиялық қоғамдарда қоғамдық пікірді қалыптастыруға және ақпараттық плюрализмді қамтамасыз етуге қызмет ететін маңызды коммуникативтік тетік ретінде қарастырылады. Мұны азаматтық журналистердің редакция құрамында жұмыс істемеуімен және сөз бостандығымен байланыстыруға болады. Мұны ғалымдар «Азаматтық журналистика цифрлық дәуірде медианың демократиялануының нәтижесі» [10] деп бағалайды.

Кәсіби журналистика мен азаматтық журналистиканың негізгі ерекшеліктері төмендегі кестеде

Кесте 1

Ерекшеліктері	Кәсіби журналистика	Азаматтық журналистика
Білім	Жоғары оқу орындарында арнайы оқытылады.	Талап етілмейді
Этика нормалары	Журналистік кәсіби этика нормалары негізінде жұмыс істейді.	Адамгершілік принциптері негізінде еркін әрекет етеді.
Тіл және стиль	Публицистикалық және ресми стиль	Эмоционалды және ауызекі сөйлеу стилі
Ақпараттың сенімділігі	Фактчекинг жасалады	Әрдайым емес
Аудиториямен қарым-қатынас	Көбінесе біржақты	Интерактивті
Ақпарат беру жылдамдығы	Орташа деңгейде	Өте жылдам

Заманауи медиа кеңістікте кәсіби және азаматтық журналистиканың осындай ерекшеліктерін ескере отырып, өзара параллель дамып, бірін-бірі толықтыратын интеграцияланған коммуникативтік жүйе ретінде жұмыс істейді. Бұл үдерісте кәсіби журналистика ақпараттың шынайылығын, редакциялық бақылауды және этикалық нормаларды қамтамасыз етсе, азаматтық журналистика жеделдікті, кең аудиторияның қатысуын және оқиғаны жедел жариялау мүмкіндігін кеңейтеді. Нәтижесінде бұл екі журналистика түрі заманауи ақпарат алмасу жүйесінде бірлесіп жұмыс істейтін және бір-бірінің функционалдық олқылықтарын толтыратын маңызды коммуникативтік институттар ретінде көрінеді.

Бүгінде кәсіби БАҚ-та да қарапайым азаматтар үшін өздерінің проблемалары мен қызығушылықтары үшін арнайы айдарлар құрылған. Мысалы, «CNN» телеарнасында «i-Report», «Fox News» телеарнасында «u-Report», «The Guardian» газетінде

«GuardianWitness», «BBC» телеарнасында «Өз пікіріңізді білдіріңіз» сияқты бөлімдерді жасады. Бұл азаматтық журналистердің ресми БАҚ-та өздерінің шығармашылық материалдарын жариялауға мүмкіндік туғызды.

Қорыта айтқанда, кәсіби журналистика этикалық және құқықтық нормаларға негізделген түрде өңделген және сенімді ақпарат жеткізуші ретінде әрекет етсе, азаматтық журналистика онда географиялық шекаралардың болмауымен, демократиялығымен және жеделдігімен ерекшеленеді.

Кәсіби журналистика мен азаматтық журналистика заманауи медиа ортада өзіне тән функционалдық ерекшеліктері бар екі түрлі коммуникативтік жүйе ретінде қалыптасып үлгерді. Олардың өзара интеграциясы заманауи ақпараттық кеңістікте медиа плюрализмді одан әрі кеңейтуге және коммуникациялық процестердің тиімділігін арттыруға қызмет етеді.

Әдебиеттер тізімі

1. Mo'minov F.A. Jurnalistika ijtimoiy institut sifatida. – T.: Universitet, 1998
2. Иванова Е. Н. Профессионализация Интернет-журналистики в блогосфере : автореф. дис. ... канд. социол. наук : 22.00.04 / Е. Н. Иванова. – Москва, 2011. – 26 с.

3. Murodova N. K. Jamoatchilik fikrini shakllantirishda bloggerlikning o'rni, maqomi va faoliyat mezonlari: fil. fan. fal. dok. (PhD) ... diss. – Toshkent: 2026.
4. Rosen J. What Are Journalists For? New Haven, CT: Yale University Press. 1999. – P. 75.
5. Иванова Е.Н. Профессионализация интернет-журналистики в блогосфере. Автореф. дис. ... канд. фил. наук. – Москва: 2011. – С.15.
6. Radsch C.C. The Revolutions will be Blogged: Cyberactivism and the 4th Estate in Egypt. Doctoral Dissertation. American University. 2013.
7. Краснаярова О. В. Гражданская журналистика как стимул развития профессиональной журналистики // Байкальский государственный университет экономики и права. — Иркутск, 2014.
8. Битков Л.А. Практическое использование социальных сетей журналистами и специалистами по PR // Российские СМИ и журналистика в новой реальности. 2011. – С. 280.
9. Gillmor D. *We the Media: Grassroots Journalism by the People, for the People*. — Sebastopol: O'Reilly Media, 2004.

S.A. Esemuratova

Karakalpak State University named after Berdakh

COMPARATIVE CHARACTERISTICS OF PROFESSIONAL AND CITIZEN JOURNALISM IN THE MODERN MEDIA SPACE

Abstract: This article examines the similarities and differences between professional and citizen journalism from theoretical and functional perspectives. The aim of the study is to conduct a comparative analysis of the theoretical and practical aspects of these two types of journalism. Professional journalism is characterized by fact-checking, editorial control, and adherence to ethical and legal standards, ensuring the delivery of reliable information to society. Citizen journalism is distinguished by its speed, the ability to report directly from the scene of events, and the absence of geographical limitations. In addition, it reaches a wide audience through social media. The development of social networks and digital technologies has strengthened the interaction between these two directions and shaped a new media environment. In conclusion, the integration of professional and citizen journalism is identified as an important factor in the development of the modern media system.

Keywords: professional journalism, citizen journalism, mass media, fact-checking, social media, digital technologies, democracy.

С.А. Есемуратова

Каракалпакский государственный университет имени Бердаха

СРАВНИТЕЛЬНАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ И ГРАЖДАНСКОЙ ЖУРНАЛИСТИКИ В СОВРЕМЕННОМ МЕДИАПРОСТРАНСТВЕ

Аннотация. В статье рассматриваются сходства и различия между профессиональной и гражданской журналистикой с теоретической и функциональной точек зрения. Цель исследования — провести сравнительный анализ теоретических и практических аспектов этих двух видов журналистики. Профессиональная журналистика характеризуется проверкой фактов, редакционным контролем и соблюдением этических и правовых норм, что обеспечивает донесение до общества достоверной информации. Гражданская журналистика отличается оперативностью, возможностью вести репортажи непосредственно с места событий и отсутствием географических ограничений; кроме того, она охватывает широкую аудиторию благодаря социальным сетям. Развитие

социальных сетей и цифровых технологий усилило взаимодействие между этими двумя направлениями и сформировало новую медиасреду. В заключение отмечается, что интеграция профессиональной и гражданской журналистики является важным фактором развития современной медиасистемы.


Ключевые слова: профессиональная журналистика, гражданская журналистика, средства массовой информации, проверка фактов, социальные сети, цифровые технологии, демократия.

References

1. Mo'minov F.A. Jurnalistika ijtimoiy institut sifatida. – T.: Universitet, 1998.
2. Ivanova E. N. Professionalizatsiya Internet-jurnalistiki v blogosfere : avtoref. dis. ... kand. sotsiol. nauk : 22.00.04 / E. N. Ivanova. – Moskva, 2011. – 26 s.
3. Murodova N. K. Jamoatchilik fikrini shakllantirishda blogerlikning o'рни, maqomi va faoliyat mezonlari: fil. fan. fal. dok. (PhD) ... diss. – Toshkent: 2026.
4. Rosen J. What Are Journalists For? New Haven, CT: Yale University Press. 1999. – P. 75.
5. Ivanova E.N. Professionalizatsiya internet-jurnalistiki v blogosfere. Avtoref. dis. ... kand. fil. nauk. – Moskva: 2011. – S.15.
6. Radsch C.C. The Revolutions will be Blogged: Cyberactivism and the 4th Estate in Egypt. Doctoral Dissertation. American University. 2013.
7. Krasnoyarova O. V. Grazhdanskaya zhurnalistika kak stimul razvitiya professionalnoy zhurnalistiki // Baykalskiy gosudarstvennyy universitet ekonomiki i prava. — Irkutsk, 2014.
8. Bitkov L.A. Prakticheskoe ispolzovanie sotsialnykh setey zhurnalistami i spetsialistami po PR // Rossiyskie SMI i zhurnalistika v novoy realnosti. 2011. – S. 280.
9. Gillmor D. We the Media: Grassroots Journalism by the People, for the People. — Sebastopol: O'Reilly Media, 2004.

25.05.2026 ж. баспаға түсті
1.07.2026 ж. басып шығаруға қабылданды

Мақалаға сілтеме:



Copyright: © 2024 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).